



БЕКІТЕМІН:  
Мектеп директоры:  
А.С. Абдрахманова

*Жарсай негізгі мектебінің  
2022-2023 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау  
жоспары*

1. Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс –шаралардың 2022-2023 оқу жылындағы сапасын бақылау

Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерімі	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
« Мәңгілік Ел», « Рухани жаңғыру » бағдарламаларын жүзеге асыру	Бағдарламалардағы сынып жетекшілерінің тиімділігі	Сыныптар	жеке	Сыныптан тыс жұмыстарға қатысу, сынып сағаттары	қараша	Сынып жетекшілер	бірлестік	Анықтама	
Ата-аналармен жұмыс жоспарына сай мектептің, Сынып жетекшілердің жұмысы	Сынып жетекшілерінің ата-аналармен жұмыс жүйесін талдауы	Сынып жетекшілер, Ата-аналар комитетінің мүшелері	Тақырыптық	Құжаттарды қарау, алдымен сынып жетекшісінің жұмысын зерттеу	Әр тоқсан	ТЮ	бірлестік	хаттама	
Тәуекел тобындағы және аз қамтылған отбасы балаларымен жұмыс.	Тәуекел тобындағы және аз қамтылған отбасы балалары туралы деректер жинау	Отбасы	Жеке бақылау	Өңгімелесу, психологпен тренингтер ұйымдастыру	Қыркүйек	Сынып жетекшілер ТЮ	бірлестік	анықтама	
Мектепшілік Республикалық «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын бақылау	Аға тәлімгер мен «Жас ұлан» балалар ұйымындағы оқушылардың жұмысының деңгейі	жоспар	жаппай	Мәлімет, анықтама	Қазан	Тәлімгер ТЮ		Анықтама	
Сынып жетекшілердің тоқсандық есебі	I тоқсан бойынша жасалған жұмыстарының есебін саралау	жоспар	Жеке бақылау	зерделеу	Әр тоқсан сайын	Сынып жетекшілер ТЮ	Тоқсанда	анықтама	
Жемқорлық сыбайлас, Сенім телефоны, «Адалдық дүкені»	Класс жетекшілердің класс сағаттарын бақылау, Психологтармен байланыс орнату	жоспар	жаппай	Мәлімет, анықтама	желтоқсан	ДТЖО	Бірлестік	Анықтама фотоотчет	
Үйірме, спорт секцияларын бақылау	Үйірме жұмыстарының жүргізілуін қадағалау	жоспар	кездесу	зерделеу	Қыркүйек қаңтар	ДТЖО	Сынып жетекші отырыс	Анықтама	
«Жас сарбаз», «Тәртіп сақшылары»	Жоспардың мақсат міндеттері мен мазмұнының оқушы деңгейіне сәйкестігі	жоспар	жаппай	зерделеу	қаңтар	ДТЖО	Бірлестік	Анықтама	

шылықты алдын-алу жұмыс жоспарын бекіту	Құқық бұзушылықты алдын-алу кеңесінің жұмысын бақылау	жоспар	жаппай	Тексеру, әңгімелесу	ақпан	ДТГЖО	Бірлестік	Анықтама Фотоесеп	
жетекшілердің ата-аналармен жұмыс жоспарын орындауы	Класс жетекшілердің ата-аналармен жұмысын бақылау	жоспар	жаппай	Тексеру, әңгімелесу	наурыз	ДТГЖО	Бірлестік	Анықтама Фотоесеп	
Жылдық есебі	Класс жетекшілердің жыл бойына жасалған жұмыстарына саралау	жоспар	жаппай	зерделеу	мамыр	ДТГЖО	Бірлестік	Анықтама	

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Г.Ж.Биксариева

## 2022-2023 оқу жылындағы сынып жетекшілерінің жұмысын мектепшілік бақылау

Сынып сағаты-бұл тәрбие жұмысын фронтальді тексеруді ұйымдастырудың кең таралған түрлерінің бірі. Тәрбие сағаты кестеге сәйкес аптасына бір рет өткізіледі. Мұнда оқушылардың сынып жетекшісімен еркін қарым-қатынас формасы басым. Сынып сағаттарының тақырыбы сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының жоспарында көрсетілген. Олардың тақырыбы оқу жылына қойылған тәрбиелік мақсаттардан туындайды, тәрбие жұмысының жалпы мектептік жоспарымен келісіледі.

Сынып сағаттары түрінде тәрбие іс-шараларын өткізудің негізгі мақсаты белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру, қоғамдық өмірге, танымдық, еңбек қызметіне қызығушылықты қалыптастыру, коммуникативтік және ұйымдастырушылық қаблеттерін дамыту болып табылады. Сынып сағатының нәтижесі көбінесе сынып жетекшісінің оған деген қызығушылық дәрежесіне байланысты.

### **Тексеру нәтижелері:**

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 1-9 сыныптарды сынып сағаттарын өткізу жүйесі зерттеледі. Тексеру барысында құжаттама тексеріліп, сынып сағаттарына қатысады.

### **Сынып сағаттарына барған кезде мыналар анықталады:**

1. Барлық сынып сағаттары сынып жетекшілерінің жоспарына сәйкес өткізіледі. Сынып сағаттары кезінде сабақтарды ұйымдастырудың іртүрлі формалары қолданылады. Сынып сағаттары білім алушылардың жасына, олардың жеке дамуына байланысты құрылады. Сынып сағаттарын дайындау және өткізу кезінде мұғалім балаларды оқытудың әртүрлі түрлерін, формалары мен әдістерін мұқият таңдайды, жұмыс нәтижелерін қатаң бақылайды.

2. Көрсетілген уақыт ішінде келесі тақырыптық сынып сағаттары жоспарланған және өткізілген.

### **Міндетті түрде өткізілетін тәрбие сағаттары:**

- «Білімге ұмтылу, еңбекқорлық және патриотизм»
- «Мемлекеттік рәміздерге 30 жыл»
- «Құқықтық сауаттылық-уақыт талабы»
- «Тәуелсіздік-Мәңгілік ел тұғыры»-
- «ЖИТС-ғасыр ауруы»
- «Ешкім ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмыт қалмайды»
- «25 қазан-Республика күні»
- «Отқа оранған он жыл»

«Наурыз-жыл басы»

-«Бірлігіміз жарасқан»

-«Әлемнің балалары терроризм мен экстремизмге қарсы»

**Сынып жетекшілер таңдаған тақырыптар:**

-«Мен және менің достарым»

-«Менің дәстүрім-менің сарқылмас байлығым»

-«Ұл мен қыз тәрбиесі»

-«Аталар мұрасы-халықтың қазынасы»

-«Адамгершілік-асыл қасиет»

-«Еңбек –бәрін жеңбек!»

-«Мен ақша табуды білемін»

-«Сұлулықтың құпиясы неде»

-«Табиғат-сенің өз үйің»

3.Сынып сағаттарына қатысқан кезде оқушыларға алдын-ала тапсырма берілгені байқалып тұрады, соның арқасында бала өзін еркін сезінеді.Балалар сынып жетекшісімен белсене жұмыс істейді, сұрақтарға жауап береді, мысалдар келтіреді, сынып жетекшісімен бірге жағдаяттарға талдау жасайды.

4.Мектепте өткізілген сынып сағаты бойынша кесте түзілді, барлық сынып жетекшілері сабақ өткізілгеннен кейін ДТЖО-ына фотосептерін жіберіп отырады.

5.Әкімшілік мектепішілік бақылау шеңберінде сынып сағаттарына қатысу кестесін әзірледі. Осы кестеге сәйкес тәрбие орынбасары сынып сағатына қатысып, оң баға берді.

#### **Қорытынды:**

Сынып жетекшілері сынып сағаттарын ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолданады: ойындар,сырттай саяхаттар,виртуалды экскурсиялар т.б. Барлық сынып жетекшілерінде сынып сағаттарының жүйелілігі байқалады.Барлық қатысқан сынып сағаттары өте жақсы деңгейде өтеді.Сынып жетекшілерінің мұқият дайындығы көрінеді,өткізу формалары әртүрлі. Айта кету керек, төмендегі сынып жетекшілерінің өткізген сабақтары сабақтың қызықты дамуымен, сабақтағы балалардың белсенділігімен, жарқын әсем безендірулермен ерекшеленеді. Аяпбергенова К.С., Глушко Н.В., Балагура Л.Д., Жакешова Г.Т., Оразалы М., Даулетова Ф.

Мектепішілік бақылаудың негізгі бағыттарының бірі сынып жетекшілерінің күнделіктерді уақытылы тексеруін бақылау болып табылады.

**ексеру мақсаты:** сынып жетекшілердің күнделіктерді уақытылы тексеруі. күнделік жүргізудің бірыңғай стандарттарын орындау.

**Тексеру кезінде мыналар анықталды:**

Оқушылардың күнделіктерінің сыртқы түрі қанағаттанарлық.

Оқушылардың көпшілігі күнделіктерін мұқият жүргізеді.

Оқушылардың күнделіктеріне ағымдағы бағаларды барлық сынып жетекшілері енгізеді.

Кетедегі оқу пәндері көп жағдайда дұрыс қысқартылған және орфографиялық қатесіз жазылған.

Күнделіктерде түрлі-түсті қаламдармен, қарапайым қарындашпен жасалған жазбалар бар.

Оқушылардың барлығы бірдей үй тапсырмасын жаза бермейді;

Бағаларды түзету және корректорды қолдану кездеседі;

Бірінші тексеріс уақытында оқушылардың көбісінде титулдық бетті, пән мұғалімдері туралы мәліметтерді, бірінші жартыжылдықтағы кесте бетін толтырмаған. Кейінгі тексерісте қателіктерін жойған;

Жыл ішінде 65% ата-аналар ғана балалардың күнделіктерін уақытылы тексеріп, өз қолдарын қояды.

Оқушылардың күнделіктерін 2-9 сынып жетекшілерінің негізгі бөлігі уақытылы тексереді;

«Үйге жол» схемасы 1-4 сынып оқушыларының 96%-ында бар;

Барлық 2-9 сыныптарда бағалардың жинақталуы жоғары деңгейде;

88% оқушылардың күнделіктері ұқыпты және барлық ережелерге сәйкес жүргізіледі;

Бытырғы оқу жылындағыдай осы бағыттағы басты мәселелердің бірі-ата-аналардың балаларының қадағалауының төмендігі. Жоғарыда көрсетілгендей тек 63% ата-ана ғана балаларының күнделіктерін дер кезінде тексеріп, қол қояды. Мұның бәрі ата-аналардың жауапкершілігінің орташа дәрежеде екендігін көрсетеді. Осы тақырып бойынша ата-аналарға бірнеше рет ескертулер айтылды.

**Қорытындылар мен ұсыныстар:**

2-9 класс сынып жетекшілерінің күнделіктері бойынша оң жұмыстары атап өтілді. Өйткені оқушылардың күнделіктері «Күнделіктерді толтырудың бәрыңғай талаптарына» сәйкес жүргізілді, оқушылардың ағымдағы бағалары күн сайын қойылады.

5-9 сыныптардың сынып жетекшілері оқушылардың күнделік толтыруға сойылатын бірыңғай талаптарды орындауы бойынша жұмысты күшейтсін, оқушылардың күнделіктерімен тұрақты, сапалы жұмыс жүргізсін;

-Пән мұғалімдеріне үнемі, сабақта оқушылардың алған бағаларын қою;

-Сынып жетекшілеріне «Күнделік- оқушының айнасы» тақырыбы бойынша тәрбие сағатын өткізу ұсынылды;

-Сынып жетекшілеріне ата-аналар жиналыстарында күнделікті уақытылы тексерудің және оларға қол қоюдың маңыздылығы туралы ата-аналармен әңгіме жүргізу ұсынылды;

Білім олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштерді жою мақсатында тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына төмендегі көрсетілген тақырыптар бойынша педагогикалық кеңесте және мектеп директоры жанындағы жиналыста талдау жасап, анықтамаларды жинақтау тапсырылды.

-«Тәрбиесі қиын оқушылармен жүргізілген жұмыстардың жағдайы»

-«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қолданудағы заңдылықтардың сақталуы»

-«Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбиенің берілуі»

-«Сыныптан тыс тәрбие жұмысының ұйымдастыру жолдары»

-«Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру»

-«Ата-ана махаббаты және тәрбиесі»

-«Зорлық-зомбылықты болдырмау және алдын алу жұмыстарының барысы»

-«Ерте жүктілікті болдырмау және алдын алу жұмыстары»

-«АИТВ/ЖИТС ауруларының алдын алу жұмыстары»

-«Білім алушыларға кәсіптік бағдар беру»


-«Құқықтық тәрбие беру арқылы жас ұрпақтың бойындағы адами құндылықтары мен мәдениеттілікті жетілдіру барысы»

-«Жас сынып жетекшілердің атқарған жұмыстары»

-«Діни экстремизмнің алдын алу»

-«Ата-аналармен сыныптан тыс іс шараларды ұйымдастыру»

-«Білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру»

Тәрбие ісінің орынбасары:  Г.Ж.Биксариева